



Автор: Пернеева Айжамал Амангелдиевна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Есептерді электрондық кестелер көмегімен шешу

Тақырып: Электронды кесте элементтерін пішімдеу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.2.2.2 электронды кесте элементтерін пішімдеу
Сабақтың мақсаты:	Электронды кесте элементтерін пішімдеу
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жазбаша компьютермен тәжірибелік тапсырмалар орындай алады. Пәндік негізгі терминология: Электронды кесте-Электронная таблица-Electronic Table, Жол-Строка-Line Column, Баған-Столбец- Column, Форматтау-Форматирование-Formatting Диалог: ұяшықтарды форматтау бөлімінің қызметін талқылау. Жазу: Форматтау бөлімінің әрекеттерін дәптерге жазу.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар электронды кестемен жұмыс істеуді біледі. Ұяшықтарды форматтау бөлімдерінің қызметін түсінеді, практикада қолданады.
Бағалау критерийлері:	Барлық оқушылар: Электронды кестемен жұмыс істеуді біледі. Ұяшықтарды форматтау бөлімдерінің қызметін түсінеді, қолданады. Көптеген оқушылар үшін: ұяшықтарды форматтауды біледі, практикада қолданады. Кейбір оқушылар үшін: Форматтау бөлімін біледі, өзбетінше форматтай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Оқушыларды практикалық жұмыста қарым-қатынас жасауға, жауапкершілікке, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауға, өмір бойы оқуға дайын болуға тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/dereakterdi-engizu-redakcziyalau-zhane-formattau
Пәнаралық байланыс:	Математика, орыс тілі, ағылшын тілі
Бастапқы білім:	Электронды кестелер бойынша білімдері бар, EXCEL бағдарламасының негізгі элементтерін, кеңейтімін біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын орнату. «Ыстық алақан» әдісі Оқушылар бір-біріне өз есімінен басталатын мадақтау сөз айтады. II. Топқа бөлу Топқа біріктіру: «Смайликтер» әдісі. Оқушылар үш түрлі көңілді смайликтер арқылы топтарға бірігеді: I-топ: Баған II-топ: Ұяшық III-топ:Жол Үй тапсырмасын тексеру "Миға шабуыл" әдісі Әр топ берілген тапсырманы орындап, топта қызметін жазып талқылайды. Тапсырманы үлкен топта жариялайды Дискриптор - MS Excel-де бағдарлама команданың шартты белгісін біледі. - MS Excel-де бағдарламамен жұмыс жасаудағы жиі қолданылатын командалардың қызметін біледі.	Смайликтер А4 форматта тапсырма, Берілген бағалау критерийі бойынша бағалау, дескриптор парақшасы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (23 мин)	Мағынаны тану: Электронды кестелерді пішімдеу. Экранда сабаққа катысты кадрлар көрсетіліп, оқушылар қандай тақырып екенін түсініп айтады. «Кім жылдам?» әдісі Оқулықпен жұмыс: Қолдану деңгейі бойынша, сәйкестікті анықтауға тапсырма. «Үштік қадам» әдісі жеке – жұппен – топпен тапсырманы компьютерде практикалық жұмыс орындайды. 1.Тапсырма 1. Ұяшыққа оқушылардың бағасын енгізіп, кестемен қоршау, кестені форматтау әдісін пайдалану арқылы. «Жасап көрсет және әңгімеле» әдісі 2.Тапсырма . А1 ұяшығына «Сан», В1 ұяшығына «Бөлшек», С1 ұяшығына «Пайыз», D1 ұяшығына «Мерзім» деп толтырамыз. 3. Заливка бөлімінің батырмаларымен әрбір бағананың түстерін өзгертеміз. 4.Жасалған кестені Файл сохранить как ... батырмасының көмегімен 5. «Кесте.xlsx» деп сақтаймыз. Дескриптор • Excel бағдарламасын іске қоса алады. • Кестені пішімдеу кезінде деректер типін қолданып ұяшықтармен жұмыс істей алады. • Жасалған кестені сақтай алады. Сергіту сәті: «Қима қағаздар» әдісі берілген қима қағаздардағы сөздерді жылдам құрастыру	Видео ролик https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/dereketdi-engizu-redakciyalau-zhane-formattau Оқулық 7 сынып информатика Алматы «Атамұра баспасы», А4 парақ
Сабақтың соңы (8 мин)	Сабақты қорытындылау: easy Quizzy бағдарламасында тақырып бойынша тест Үйге тапсырма: 2.3 тақырыпты оқу, қосымша №2 тапсырманы орындау. «Топты, жұбын мадақтау ... үйренгені, жасай алғаны үшін» Кері байланыс: «Бес саусақ» әркім саусақтарын парақшаға сызып 1. Бас бармақ – мен үшін маңызды, қызықты болды 2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім. 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды. 4. Төртінші саусақ – менің бағам , өйткені... 5. Шынашақ – Мен білгім келеді.	easy Quizzy А 4 парақ
Рефлексия (2 мин)	Оқушылар стикерлерге сабақ туралы ойларын жазады, «Сенім» ағашына орналастырады.	Стикерлер